

Әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген биржалық тауарлармен сауданы жүзеге асыратын тауар биржаларын конкурстық негізде айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 18 желтоқсандағы № 1101 қаулысы

"Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) "Еуразиялық Сауда Жүйесі" тауар биржасы" акционерлік қоғамы әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлардың тізбесіне енгізілген биржалық тауарлармен сауданы жүзеге асыратын тауар биржасы болып;

2) "Каспий" Тауар Биржасы" акционерлік қоғамы әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлардың тізбесіне енгізілген биржалық тауарлармен сауданы жүзеге асыратын тауар биржасы болып айқындалсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов